

**Өтеген
НҰРМАҒАМБЕТОВ**

Ө **ЛЕН ЕЛІ -**
ТҰРАҒЫМ

Өтеген НҰРМАҒАМБЕТОВ

ӨЛЕН ЕЛІ -
ТҰРАҒЫМ



Қаз. Әдебиеті

Алматы

2012

УДК 85 (585)
ББК 72
Н 76

Н76 Нұрмағамбетов Ө.
ӨЛЕҢ ЕЛІ—ТҰРАҒЫМ.—Алматы: ҚазАқпарат.
2012 – 84 бет.

ISBN 867-202-01-2212-4

Бұл жинаққа Өтеген Нұрмағамбетовтың әр жылдарда газет-журнал беттерінде жарық көрген өлендері мен бұрын басылмаған шығармалары топтастырылған

УДК 85 (585)
ББК 72

ISBN 867-202-01-2212-4

© Нұрмағамбетов Ө., 2012

Кұдайға шүкір, қазір өлең жазатындарды мындап санауға болады. Қайбір жылы біз «Қазақстандық ұлтқа» қарсы күрес ашып жүрген кезімізде маған бір жас ақын келіпті. Махаббат, достық тақырыбына жазған өлеңдері тәп-тәуір екен. Мен оған:

– «Қазақстандық ұлтты» білесің бе?– деп сұрақ қойдым.

– Мен саясатпен мүлде айналыспауды алдыма мақсат етіп қойдым,- деп жауап берді ол.

– Ендеше, елдік, ұлттық мүдденің қыспақта қалған шағында нақ сендей ақынның халқымызға да пәлендей қажеті бола қояр ма екен? - дедім жас қанатқа ренішпен.

Менің қазіргі ұстанымым мынадай:

«Саралауға ұлтсыздықтың, сатқындықтың қыспағын,

Әр қазаққа керек бүгін мүлде жаңа ұстаным:

Бір сәт тежеп атқарылар қызметін құлқы үшін,

Толғанбаса жойылуға бағыт алған ұлты үшін,

Ұлтсызданған жанұясында күреспесе тілі үшін,

Сын сағатта өз халқымен бірге алмаса тынысын,


Бұған қоса намыссыздық сырқатынан сорласа,

Құжатында «Қазақ» болып жазылғаны далбаса!

Хақымыз бар ондайларға сөз арнауға бөлектеп:

«Тәлім берген ата-анаңа және өзіңе нәлет» деп...»

Поэзия өлкесіне өз отауын тігуге талпынған Өтеген Нұрмағамбетовтың жырларында балаңдық бой көрсетсе де, оның ұлттық мүддеге деген құштарлығына тәнті болғандықтан осы жолдарды жазып отырмын. Поэзиядағы шындық жолы, іздену, шеберлікке талпыну жолы — қиынның қиыны. Осы сапарда жұлдызың рух пен парасат биігінде жарқырағай.



Мұхтар ШАХАНОВ

ӨЛЕҢ ЖАЙЫНДА ОЙ АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы». Мен осы өлеңге қайдан келдім? Әкеміз орман шаруашылығында жұмыс істегендіктен, қарағаннан сібірткі тоқып отырып ыңылдап өлең айтушы еді. Кішкентай кезімізде кешкісін шешеміз дауыстап «Жұлдыз», қолға түссе «Жалын» жорналдарын оқып, бәріміз жата калып соларды тындайтынбыз. Қазіргі балама айтып жүрген «Ақкыз» аңызы, есімдегі «Аңсаған» оқиғасы, «Оң қол» повесі—сол жорналдардағы Апам (шешем) оқып есімде қалған шығармалар. «Рүстем - Дастан» жырын да үшінші сыныпта жүріп оқып шыққанмын. Әкемнің жасы жетпіске келгенде біздің ауылдың кітапханашысы жеңгеме әкем жайында: «Біздің ауылда кітапхананың бір ғана тұрақты оқырманы бар, ол—сенің атаң», - деген еді.

Мектепте, жоғарғы сыныпта қазақ тілі мен әдебиетінен Хамза Саламатова апайымыз дәріс берді. Жалақы үшін емес, болашақ үшін жұмыс істейтін мұғалім еді. Класқа бір күні Қобыланды болып кірсе, енді бір күні Сәкен болып кіретін. Ол өзі өтіп жатқан тақырыпқа, кейіпкерлерге байланысты. Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандықты ашып кара, ашып кара, сырласым, сыр пернені басып кара, басып кара, жырласын» деген өлең жолдарын апайымның аузынан жаттап алғам. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуін» оқып, сол заман адамдарының қиын тағдырынан сынып болып жылағанбыз. Сол апайым маған: «Айналайын, сен менің еңбегімнің жанған жерісіңғой,» - деген-ді.

Оның бергі жағында Қарағанды қаласында оқыдым. Алматыдан оқу бітіріп жұмысқа келген бірнеше жігіттердің ішінде қызылордалық Мағауия Шоханаев деген азамат болды. Ішіңкіреп жүріп өлең жазатын. Мұқағали Мақатаевты

алғаш ортамызға алып келген де – сол. Айта кететіні, студенттік жұпынылау дастархан басында отырып әрбіреуіміз орнымыздан тұрып Мұқағалиды, Мұхтарды, Фаризаны жатқа оқи беретінбіз. Керемет. Жазу білетін адамдар шығатын орта осындай-ақ болар. Көп жыл өткен соң менің ағам бір кеште Мағауия Шоханаевтың «Ағаларым» өлеңін оқығанда, кештің бір қонағы жылап, «Сол Шоханаев мен болам,» - деген. Өкініштісі, ол өлеңі есінде жоқ, өзі жазғанын да ұмытқан.

Он-он бес жыл бұрын жұмысбастылығымызға карамай, қалаға домбыра тарта білетін жігіттерді іздеп келетінмін. Олар домбыра тартып, мен өлең оқып мәз болатынбыз. Тіпті бірде, қаланың бір тыныштау көшесінде домбыра тартып, өлең оқып, бір-бірімізді қолпаштап таң атқанша тұрыппыз. Тұрыппыз, отырған жоқпыз. Қазір домбыра, ән тыңдау үшін ақысын төлеу керек. Әлде заманымыздың ағымы солай болды ма?

Бірде теледидардан Мұхтар Шаханов ағамызбен өткен сұхбатты көрдім. Салауатты, тыңдаушыға ой тастайтын әңгіме айтылып, арасында Мұхтар ағам: «Мен бір өлең оқып берейін, мен бір өлең оқып берейін,» – деумен болды. Менің жоғарыда айтып кеткен Сансызбай ағам да отырған жерінде: «Өлең оқып берейін», - дейді. Мен ағаларымды түсінемін. Өлеңді шын жақсы көру, өлеңге деген шын құрмет те мүмкін осындайдан бастау алатын шығар. Ағамыздан кездескен сайын өлең оқуын сұрап, оқыған сайын бір жылап аламыз. Менің алты жасар балам Мирас оңаша қалғанда «Папа, мен саған өлең оқып берейінші,»-дейді. Бірде ол менің өлеңімді оқып, «Кім жазған?»- деп сұрады. Мен: «папаң жазған,» - деп жауап бердім. Ол ойланып қалды, сосын: «өлең жазған Абай, Мұқағали өліп қалды, ал мен сенің өлгеніңді қаламаймын, мен жаздым деп айтпашы,»- дегені бар. Қазірде балам менің өлеңдерімді Мұхтар Шахановтың өлеңдері деп оқиды.

1984 жылы Қарағанды қаласында оқу бітіріп жатып, соңғы күні мектепте, жоғарғы оқу орнында жазып жүрген дәптерімді жоғалтып алдым. Өкінгенім-ай. Қазіргі

колымдағы дәптерім 1984 жылдың шілде айының 25-ші жұлдызында, Ақтөбеге келген күні басталыпты. Көп жері жыртылған, газет қиындылары көмескіленіп қалыпты. Сондықтан да әр жылдардағы жазғандарымды топтастыруға, шашырап жатқан ойымды бір орынға жинауға шешім қабылдадым. Бір уақыттарда біреулерге, болмаса балаларыма керек болар. Мұқағали айтқандай, «Мені зерттегілерің, білгілерің келсе алдымен менің өлеңдерімді оқыңдар, мені менің өлеңдерімнен бөліп қарамаңдар». Оның үстіне балам кішкентай Мирастың өлеңге деген құштарлығы, сүйіспеншілігі қамшы болды. Тастап кеткен қаламымды қайтадан қолыма алдым.

Алғашқы өлеңдерім «Қандыағаш» аудандық газетінде басылды. Газеттің бас редакторы Неталин Бақытжан ағамнан көп сабақ алғанмын. Бір кезде ол: «Өтегеннің ақындық шеберлігі өткен жылдар ішінде едәуір шыңдалып қалыпты. Өлеңдерінен жүрек жылуы, азаматтық пафос сезіледі ...» - деп жазыпты. Ағам кей өлең сөздерін түзетіп, кейде оның түзеткендеріне мен келіспейтін, менің келіспейтіндігіме ол келісетін кездер де болған. Айналып келгенде жаңа жазылған өлең талданатын, өлең жайында көп ойлар айтылатын.

Өлең арқылы облыстық «Коммунизм жолы» газетінің бас редакторы Қуанышбек Тектіғұлов ағаммен де жақын қатынаста болдым. Ол ағам менің өлеңдерімді баспаға беріп тұрып: - «Айналайын-ай, генерал да, милиция бастығы да табылар, талант Құдайдан, саған оқу, іздену керек.» - деп еді. Бірде Қуанышбек ағам «Қайрат Рысқұлбековтың рухына» деген өлеңімді: «Сотталып кеткің келіп жүр ме?» - деп қабылдамай тастаған-ды. Сол өлең кейін «Ана тілі» газетіне басылып шықты.

Одан кейінгі сол газеттің бас редакторы Идош Асқар ағамның да алдында болдым. Ол кісі отырғызып қойып өлеңдерімді байыппен өзі оқып шығып, «Жақсы екен» деп, кейін бәрін газетке басуға жолдама берді.

Жергілікті ақынымыз Амантай Өтегеновтың орыс тілінде жазылған өлеңдерін қазақ тіліне аударып өзіне барғанмын.

Риза болып қолымды қысты. Әр тілде жазатындығымызға байланысты ма, қатынасымыз одан әрі дамымады.

Осы тіршілігімнің бәрі – жазғандарымды саралайтын, дұрыс-бұрысымызды көрсететін, сын айтатын адам іздеу. Қателіктер ескеріліп шыңдала түсу. Газеттерге өлең бергендегі талпыныс, газетте қызмет ететін мамандардың елегінен өту. Тыңдаушыға, өлең сүйер қауымға таза, қалтарыс-бұлтарысы жоқ, жонылған өлең жеткізу.

Осы ой мені сол кездегі «Алтың Орда» газетінің бас редакторы Ақдәулетұлы Мейірхан ағамыздың алдына алып барды. Сол кісіге де біраз өлеңдерімді беріп кеткем. Хабарсыз қалды. Ақтөбе өңірінде бүгінгі таңда Ертай Ашықбаевтан атағы асқан акын жоқ (жеке ойым). Ертай ағама да біраз өлеңдерімді көрсеткем. Сиясы кеппеген «Ақтанау» шығармасын да тастап кеттім. Әзірге хабар жоқ. Мұқағали. «Біреулермен жалғастырып жең ұшын, жасап жүрсем жаным сүймес келісім, барлығы да – поэзия сен үшін»-деген еді. Жең ұшын жалғастырғаннан сақтасын. Дей тұрғанмен де, орта, сын жоқ екенін мойындау керек шығар. Тіпті жазғандарыңды тыңдайтын, түсінетін адамды табу қиынның қиыны болып бара жатыр. «Адам жырлап тұрғанда, заман зырлап, керегім де жоқ шығар мүмкін менің», менің өлеңдерімнің де. Осы тұрғыда, бар өмірінде жиырма екі өлең жазып, күрзі халқының классигі саналатын, әлемге аты танылған Думбадзе мырзаны айға кетелік. Қалай? Осы сұрақты әркім өзіне қойса екен! Өз жан-дүниесінен іздесе екен!

Жастау кезімде той, отырыстар басқаратынымын, оның өзі бір ганибет екен. Себебі дайындаласың, кітаптар ақтарасың, тыңдаушылар да жетіп жатыр. Қызмет барысы маған ізденуге, көбірек кітап оқуға мүмкіншілік бермеді. Кейде орта мектепте қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім болмаған екенмін деп те ойлаймын.

Он тоғызыншы ғасырды Ресейде «Ахматовские вечера» деген атпен кештер өткізіліп тұрған. Сонда жас ақындар, көрнекті ақындар өздерінің жаңа туындыларын оқыған. Не

деген тәрбиелік мәні бар іс. Алматыда да Абай ескерткішінің алдында ақындар кездесіп өлең оқитын үрдіс бар еді-ғой. Мүмкін әлі де бар шығар.

Менің бір салауатты сыныптасымның өлең жазуға ынтасы бар қызы: «мама, мен өлең жазбай-ақ қояйыншы, бәрібір Мұқағалидай жаза алмаймын»-деген екен. Мұқағали, Мұхтар болу парыз емес. Олар мың жылда бір-ақ рет туады. Оларды қазақ халқының басына жоғарыдан бере салған. Сөйте тұра Мұқағалидың өзі «айтарын айта салған абайламай, шіркін-ай. Махамбеттер, Абайлар-ай», Мұхтар ағам-«Әбділдә ақын бір басқа, Сырбай басқа, мен де досым ендеше басқа болам» - деген жоқ па?

Мен өлең алдында, поэзия алдында өзімнің жауапкершілігімді сезінемін. Ақын болу үшін алдымен ойшыл, философ болу керек деп ойлаймын. «Ақын болып өмір сүру, сыздаған барлық жараның аузында жүру», тыңдаушының айта алмай жүргенін айту, жеткізе алмай жүргенін жеткізу, шындықты ашық айта білу, сол шындықты айту үшін алдыменен өзіңнің шыншыл болу керек екендігін түсінемін. Өзіміз де Мұқағали, Мұхтар, Фариза, Төлеген Айбергенов поэзиясынан соны іздейміз емес пе? Табамыз да сусындаймыз, өмірімізге қорек етеміз. Ағалар жаққа жауаңдап қарай беретінім де содан болар. «Әркім өз көйлегінің ішінде жалаңаш».

Өтеген НҰРМАҒАМБЕТОВ.



«ӨЛЕҢ — СЕҢІҢ ЫРЫСЫҢ»

Тіршілік мәнін тереңнен ойлап түйсініп, Ұлы Поэзия алдында Ұлылықпен бас ие білген, Ақыным менің!

Мені өзіңнің жырларыңды тік тұрып, қол соға қарсы атушылардың алғашқыларының бірі деп қабылдарсын!

Сеңің жыр боп ақтарылмауың мүмкін емес еді. Сеңі қанша уақыт білсем, сеңің табиғатың, бар болмысың, жан-дүниенің тұнған жыр екенін мойындап қуанатынымын. Енді, міне, жыр топтамаң да қолымызға тиді.

Жырларың өмірдің ақ-қарасын, жақсы-жаманын, жарқын-көмескісін үлкен шеберлікпен, терең ойлылықпен алдыма жайып салғандай әсердемін.

Кез келгеннің қолынан келе бермейтін үлкен іс, тіпті үлкен қасиет дейін.

Өлең – сеңің бақытың,

Өлең - сеңің қуанышың,

Өлең – сеңің жұбанышың,

Өлең - сеңің қызығың.

Әлде тіпті рахатың.

Өлеңдеріңнен сөздің сұлуын, ойдың маржанын тердім. Ел деп, жер деп желдей ескен көңіліңді ұғындым, ұшқыр қиялыңның күшін сезіндім, өлеңсіз тірліктің сен үшін құр тірлік екенін білдім. Бәрекелді, ендеше, қуаныш дейтінің аспандап кетпеді ме? Биіктікті, һәм тереңдікті мойындайық! Өлеңмен жолдас болғанның жолдары тегіс.

«Теп-тегіс!»

Әйткенмен

Келер тайғанақ».

Тайғанақты қиынсынбай, әсте оны бағындыра алғаныңды айтайын.

Шығармаңның қайсысын алсам да, сағыныштан ба-

стау алған бұлақтай сезіледі. Ол бірде жаныңа жылуын таратып, рахаттандырады, енді бірде жаныңды мұңға батырып ойланатады. Қайткенде де өмірді сүюге өмірдің қадірін тануға жөн сілтейді. Тағы бір байқағаным – кісілік қасиетіңнің сезілуі. Кісілігіңмен туған жер алдында, ата ана алдында, дос-бауыр алдында – кісілік – кішілігіңнен танбайсың. Оқушыңды оған иландырасың.

Егер мүсіндей қалсақ, жырларыңның тірегі – сағыныш, жүрегі – кісіліктен.

Олай болса, жырларың аяғымен нық тұр! «Сұғанақ болып сұқтанба, сыбағаң болса, тұрып ал» - деген бар. Сыбағаң мол екен. Өлең деген ауылдың қадірлісі болуыңа тілектеспін.

Өзің айтқандай:

Өлең – сенің тынысың,

Өлең – сенің ырысың.

Тынысың өзің сүйетін, Кең даладай кең болсын!

Ырысың дариядай мол болсын!

Мендік пікір, мендік ой пайдаға егер жараса,

Қуаныштымын!

Досың.

2011 жыл 28 маусым.



ҰСТАЗ ТІЛЕГІ

Кешегі кішкентай жүрегінен орын беріп, жақсы көрген сүйікті шәкіртім!

Бүгінгі жар сүйіп, отау құрған, 4 баланың Асқартау әкесі болған, өмірден сүбелі орын алып, аптал, үлкен әріпті азамат болған Өтегенім!

Сенің болашақ жарыңоы менің – ұстазыңның босағасын аттатқан ұлы жүрегің, өмірге құлаш сермен, ат жалын тартып мініп, ұстазыңа иіліп сәлем бергенің, о, бір жылы басына қиыншылық түскен кезде, үйден бір шығып, қайғыны болісіп, көмек қол созғаның, байланыс жасап тұрған биік Адамгершілігің – бәрі-бәрі де есімде!

Сыныптас қыздарыңды ұйымдастырып, көңіл көтеріп, келіп отырып кеткен Азаматтығың да есімде!

Қатынасың, тіршілік қой, болыңқырамай қалған мезеттерде оқтын-оқтын сені іздейтінім де, күтетінім де есімде!..

Адай ағасына адай інісінің, кеш қалса да, келіп құран оқып кеткені де мәңгілік есімде!..

Айналайын Өтеген!

Сенің маған-ұстазыңа деген шәкірттік ыстық жүрек сезіміңе, сый-құрметіңе, шынайы ілтипатыңа дән ризамын, көп рахмет, бақытты бол!

Мәнді де сәнді, мазмұнды да мағыналы өмір кешіп келе жатырсың, ұзағынан болсын!

Енді шығармашылық талантыңа көңіл аударайын:

Шығармаларыңды түгел оқып шықтым. Ондағы қозғалған алуан түрлі тақырыбың - өз өмірің, әкең, анаң, аға-жеңге, табиғатың туралы ой толғауың оқыған сайын мені жан рақатына бөледі, кей жерлері таңдай қақтырып, бас

шайқатты, тіпті көзіме жас алғызды. Есіңде болар Жамбыл атаңды «Поэзияның алыбы, суырып салма – импровизатор ақын» - деп оқытып есім зой.

Мне, сол Жамбыл атаңның жоғарыдағы сипаттамасы саған дәл келіп тұрған сияқты. Барлық шығарма-оландерін – философия – логикалық ой қорытындының күштілігінің, ойға ұшқырлығының, ақылға зеректегінің, тілге шеберлігінің айқын дәделі болып тұр.

Талабыңа нұр жаусын!

Талантың ұитала берсін, сомоала берсін!

Ақ тілегім:

Сүйікті менің шәкіртім,

Қымбатты балам - Өтегенім!

Құтты болсын, құтты болсын шығармаң.

Шыңоала берсін, шыңоала берсін талантың.

Сүйеу болып жарыңа.

Асқар таудай әке болып.

Қамқор болып балаға

Аман болсын басың.

Маздай жансын отың.

Жоғары болсын жүздығың.

Еш уақытта сөйбесті.

Бірігін жаққан шырағың!

Келін түсірт.

От ау тігіт.

Немере сүйіт.

Шөбере сүйіт.

Жайыла берсін, жайыла берсін жапырақтарың!

Ұстазың

Қамзе САЛАМАТҚЫЗЫ.

Ақтөбе қаласы.

3 мамыр 2011 жылы



АУЫЛДА ЖҮРМІН

Амансыңдар ма, әкеммен жолдас болғандар,
Сау жүрсіңдер ме, шешеммен мұндас болғандар?
Еліме келдім сендерді көріп қайтуға,
Ауыз толтырып сәлем бердік деп айтуға.

Халдерің қалай, ауыл-ел тегіс аман ба?
Тыныштық керек тоқтаусыз мынау ғаламға.
Өзгеріп кеткен, таулар да шөгіп қалыпты,
Қимайды көзім төмпешік болған алыпты.

Сендерді көріп тағы бір жасап қаламын.
Ұмытып бәрін жүгірген бейне баламын.
Таяғын сүйреп қарт адам кетіп барады,
Таныды ма екен?.. Үңіліп маған қарады.

– Армысың, бабам! Баласымын ғой досыңның...
Шырамытып жатыр, сұрақтар жауды сосын мың.
– Бармысың, балам? Шешен қалды ғой осында,
Әкең аман ба, тосқауыл болар тосынға?

– Әкем де қайтқан. Жасаурап кетті көздерім.
Бірақ жыламаймын. Тірегімсіңдер өздерің.
Әкем өлсе де, әкемді көрген сендер бар,
Ақылшыларым, таусылмас қазына кендер бар.

Тарғылған көлдер. Өзендер қайда шулаған?
Үйрек қаз ұшып, төсінде сазан тулаған.
Бәріміз кетіп, сулар да солып қалғандай,
Жол жаққа қарап жанары оның талғандай.

Ауылда жүрмін өткеннің іздеп елесін.
Күрсінтер бәрі, несіне айта бересің.
Зымырап уақыт, самайды қырау шалады,
...Қырлардан асып қызыл күн батып барады.

ТОЛҒАУ

Мұртымыз өрге шаншылып,
Өзектеп бетке қан шығып.
Ұмытып кейде сөйлейміз,
Кетерін бір күн жан шығып.

Жасаурап жанар талады,
Самайды қырау шалады.
Қонакпыз жалған дүниеге,
Қоштасып бір күн қалады.

Саркылар сынғыр бұлақ та,
Шаң болар көркем құрақ та.
Шарасыздықтың салдары,
Алғаным кейде жылап та.

Қорқамын жалған күлгеннен,
Бәленің бәрін білгеннен.
Ұйқысыз атқан таңдарым,
Артықсың ойсыз жүргеннен.

Асырған жаман айласын
Жан-жағың — қуған пайдасын.
Жалтақтай жүріп шаршадым,
Жанашыр жандар, қайдасың?

Жиналып жаман қосыла,
Жабылып жатса досыңа.
Сырт жағын беріп кеткендер,
Түсінбей қалам осыңа.

Жүргендер жылап жабығып.
Жалаулы күнін сағынып.
Жабуың болғым келеді,
Жаныңнан әркез табылып.

Қаумалап ойлар сан қилы.
Еңсемді езіп жаншиды.
Жазылмай жатқан жырлардан.
Жүрегім тағы шаншиды.

АРАЙЛЫМ

Ашумен қатты айттым деп,
Ертерек бүгін қайттым деп,
Көңілім қалған талайдан,
Күндеріме мұңая қараймын.
Өткен күн оралмас, Арайлым.

Жандармен жайсаң дос болған,
Жанына барып қос болған.
Күндерімді бақытқа балаймын,
Әр күнімді жылдарға санаймын.
Шын сырым осы, Арайлым.

Арзаннан күні үшін дос болған.
Жалғаннан уақытша қос болған.
Тынымсыз іздеген тұрағын,
Мен, сірә, есі жоқ шығармын.
Арайлым, жанымды ұғар кім.

Думандатып құрғанмен сайран.
Шат күндер өтеді, қайран!
Дегеніне тағдырдың бағынамыз,
Кеткен күннің елесін сағынамыз.
...Өтпесе екен күндерім мағынасыз.



ЕЛЕС

Көз ұшында қалып қойды бір арман.
Тағы да жол. Не күтіп тұр бізді алдан?
Шытынайды шыдай алмай ызғарға.
Сұлу бактар сырласуға біз барған.

Тағы да жол. Үнсіз қолын бұлғайды.
Әлде елес пе? Айту қиын бұл жайлы.
Көкжиекте шақырады бір бейне,
Сәулесінен үнсіз жүрек тулайды.

Тағы да жол. тағы түнек. тағы таң.
Мен өткен жер. Қандай таныс осы маң.
Кетпеп пе едім? Бір сұлу ән естілді.
Тағы ғажап. тағы және тосыннан.
Сол әуенге тағы үнсіз қосылам.



ҚАБІР БАСЫНДА

Табиғаттын заңдылығын адам қалай бұзады.

Дос бейнесі жарқ етті де, көрінбеске ұзады.

«Құмсайымның құмын-ай!» — деп,

Айтушы едің, Алтынбек.

Қалып қойдың сол құмында,

Бетке ұрады салқын леп.

Құмсайының құмы қалды, суы қалды. Шіркін де.

Жетімсіреп көңіл қалды, өмір қалды бір күнде.

Қияқ өскен жоталардан, шөпке қонған шаңдардан.

Таяқ сүйреп қариян жүр, бейнеңді іздеп сандалған.

Басымды ұрып тауға, тасқа, айқайлағым келеді.

Ортамызда жоқ дегенге көңіл қалай сенеді.

Атқан октай, шапқан аттай - хош дәурен,

Өзгертуге дәрменің жоқ. Енді бәрі бос әурен.

Жайылмаған дастарқандар, жүрілмеген жолдары.

Қауышпаған құшақтары, қысылмаған қолдары,

Күтілмеген қонақтары — бәрі қалды артында.

Жүрек соғып, ми солқылдап, жас келеді алқымға.

Ағыл-тегіл жылап алсам, көңіл кірі кетер ме.

Құмға тамған ащы тамшы саған барып жетер ме.

Жігер құм боп, жалтақтаймыз өзін қалған белеске.

Бірге өткізген қызық күндер ұласады елеске.

Өмір деген осы ма екен? Көзді ашып-жұмғанша.

Сұлу бақта сайран салар, аз ба, көп пе? Кім, қанша?

Күз келеді, суық шалар. Сұлу гүлдер солады.

Үңірейіп орның қалды. Енді қайтсек толады?

Той тарқаған. Ел тараған. Ат бәйгеден келмеген.

Жарықтыққа не болды екен, жанға бәйге бермеген.

Қатты ағыс жұлып кеткен қолындағы есекті.

Қайықшыдай суда қалған, бас айналып, ес кетті.

САҒЫНАМЫН ӘКЕМНІҢ АЛАҚАНЫН

Жыламаймын, жыласам мұң шалады.
Сағыныштар ойымды тұмшалады.
Аспан асты өзінсіз бос қалғандай.
Кен дүние қаз-қалпы тұрса-дағы.

Бос қалғандай есік те, терезе де.
Баспалдақтар, босаға, кереге де.
Ішін тартып кер бие кісінеді.
«Кешікті-ғой кара шал, неге?» - дей ме.

– Атам қайда?
Келе ме, Атам қайда?
Айта алмаймын.
Не дейін балақайға?
– Көктем шыға қыдыртам деуші еді – ғой.
Ер салып ерте туған кара тайға.

– Жер карая,- деуші еді,- елге барам.
Апан жағқан киелі жерге барам.
Қамыс шулап, толқыны еркелеген.
Көлге барам, көк орай белге барам.

Қанат қағып өргізген балапанын.
Аңсаймын ауылымның ала таңын.
– Құлыным, - деп сипаған маңдайымнан,
Сағынамын әкемнің алақанын.

1991 жылы.



АЛҒАШҚЫ МАХАББАТҚА СӘЛЕМ

Өткен күн елестерінен.
Тағдырдың белестерінен
Талмастан сені іздедім.
Сағыныштан сарғайсам да,
Күдерімді үзбедім.

Арманның бөктерлерінде.
Көңілдің көктемдерінде.
Мен сені келер ме дедім.
Жаныма сәуле шашып,
Шаттыққа бөлер ме дедім.

Кеудеге жас тамшылағанда.
Толқындары сезімнің камшылағанда.
Мен саған ән арнадым.
Қол бұлғап шақырып тұрды.
Арайлы жанарларың.

Бұл күнде алыста жүрсең де.
Өзгемен қуанып, күлсең де.
Үміт шырағын өшіре көрме?
Шаттық шақ – жалаулы күндерді.
Көңілден көшіре көрме?

Таусылып сүю дегенді.
Қиналып күйе дегенді.
Мен сенен білдім.
Осынша сыйлығың үшін.
Басымды ніп жүрмін.

22.10.1991 жс.



ПОЭЗИЯНЫ ҚОРҒАУ

Ел жиналған үлкен бір той үстінде.
Санаға сұлу сезім ой түсті де.
Өлең оқып беруді ниет қылдым.
Керемет-кой орнымен қай ісің де.

Халықпыз қашаннан да өлең сүйген.
Домбыраның үнінен сезім түйген.
Ауыздықпен алысқан талай асау.
Бір ауыз сөз алдында басын иген.

Өлеңдерім көбіне Далам жайлы.
Бар асылың мұра еткен бабам жайлы.
Бесік жыры кетпейтін құлағымнан.
Ақ жаулықты. аяулы анам жайлы.

Тізбегіне қосылсам ақындардың.
Еркін басып ортаға жақындадым.
Ойым сансыз, өмірге сырларым көп.
Айтқым келген өлеңде ақым барын.

- Өлең деген немене. мылжың шығар?
Ақын, ақын дегендер кіл жын шығар?
Дегенде бір ағайым, тұрып қалдым.
Құрып қалғыр, жанымды кім шын ұғар.

Үнсіз қалдым құм басып жігерімді.
Құлатып кетті ағайым тірегімді.
Ашы сөз айта салған әлгі мықты.
Тілгілеп жатты аямай жүрегімді.

Не дейін қазағыма, үндемедім.
Жарқырап ма жұлдызым күнде менің.
Қатты айтты-ау ән жайлы, ақын жайлы.
Жақсы еді-ғой одан да тілдегені.

Өлеңімен Ұлы Абай. Ұлы болған.
Бір өлеңі азамат құны болған.

Қалайша мылжың дерсің Шахановты.
Қадірді, поэзия құлы болған.

Поэзиям менің де тыныс, демім.
Пешенеме жазылған ырыс, терім.
Өткен күнім, ертеңім, ұлы істерім,
Ұлы ісіме ағайын, тиіспегін!



ЖЕҢГЕМЕ

Топырағынан анамның жаралдың ба?
Салтымыздан жалғасқан нәр алдың ба?
Сенім артып қарайсың жолдарыма,
Сен күтетін биікке бара алдым ба?

Бар жақсылық еліме ерте келдің.
Жайма шуақ жаныңа еркеледім.
Кірбің тартса жанарым, сен мұңайып,
Қуанғанда, күлімдеп еркем дедің.

Шаштарыңнан көрініп шалалығым,
Шаршатты ма жеңеше балалығым?
Ортамызда жас болып жүре бер сен,
Күш береді жаныма даналығың.

Қабағымнан байқадың көңілімді.
Өміріме арнадың өмірінді.
Кездескенде тағдырдың дауылына,
Қуат етіп келемін сеніміңді.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ БАУЫРЛАРҒА

Тұрақ таппай Сары-Арқа, Нарынқұмда.
Тәлкегіне тағдырдың бағындың ба?
Алтайдан, Алатаудан асып кетіп,
Шетте жүріп еліңді сағындың ба?

Даламыздың таулары, өзен, көлі.
Құландар мекен еткен бетпак шөлі.
Көзің қиып қалайша тастап кеттің,
Шақырды ма өзге елдің өзге төрі?

Заманыңның тап келіп құрғыр күні.
Адастырды бауырлар бір –біріңді.
Естіле ме, ел жақтан самал соқса,
Дала үні, даланың бұл бұлы үні?

Артта қалды қарындас, апаң, көкең.
Қасиетті шаңырақ – Ата-мекен
Қимасыңды қалдырған қиын күндер,
Еске түссе жаныңа бата ма екен?

Емшектегі балаңыз әке болды.
Атқа мінді, таныды оңды-солды.
Жол көрсетер, көш бастар заман туса,
Табар ма еді құм басқан ескі жолды.



АҚ КЕПТЕР

Есімде әлі, ақ-кептер құлағаны.
Құлағаны, аңырап жылағаны.
«Ақ құсымнан қалайша айырдың»,-деп
Тыныштықтан жалына сұрағаны.

Көрген едім құлпырып өскенін де.
Төбесінен кара бұл көшкені ме?
Суық шалған кезеңде табиғатты,
Түсіп отыр кептерім еске міне.

Қайран калып жүрсін деп келбетіне.
Жібергендей жаратқан жер бетіне.
Үянан алыс ұшып кетпеуші едің.
Қалып қойдың қалайша жел өтінде?

Ақ-кептерім – қиялым дара тұрған.
Ақ ұлпа, ақ сәуледен жаратылған.
Ақ құсым жоқ, аспаны жетім қалды.
Салқын сыз есетіндей канатынан.

03.06.1992 ж.



ТАЛ БЕСІК

Тағдыры тарих тал бесік.
Жасаған бабам тал кесіп.
Қаншама ұлды тербедің.
Ертеңгі қара нар десіп.

Мұңдасы болып ғасырдың.
Қаншама сырды жасырдың.
Әлдилеп бағып мәпелеп.
Қызыңды қырдан асырдың.

Моншақтар көзден шашылды.
Мейірі қанып басылды.
Ұйқысын түнгі төрт бөліп.
Қанша Ана саған асылды.

Белгісі болып өткеннің.
Ғасырлар, алыс кеткеннің.
Тал бесік тілсіз куәсі,
Мұра боп бізге жеткеннің.



БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауыл Електің жағасында.
Қарасу, тау, төбенің арасында.
Адмдары жайдары, жарқын көңіл,
Ұнатасың кәрісін, баласын да.

Жүгіріп қырға шықса ала таңда.
Барлық ауыл жатады алақанда.
Көлбеңдейді ақ жаулық үй алдынан,
Мені іздеген шай қойып жан апам ба?

Қарсы алады күлімдеп жеңгелерім.
Мінезімен оларға тең келер кім.
Жүгіреді әжелер жас келінше,
Сыңғырлатып шашбаудың теңгелерін.

Көздері жасаураған қариялар.
Шежіре - сырға толы дариялар.
Шапқылаған бір кезде құлыншағын,
Айдарынан сипай сап тани қалар.

Сарқырап Қотыртастан су ағады.
Қар суына әкем ат суарады.
Бозторғайдың шырылы естіледі,
Атқан таңға тіршілік қуанады.

Қыр астында қызғалдақ жайқалады.
Табиғат та мас болып шайқалады.
«Кереметсің -Туған жер!» Айқайладым.
«Керемет!» - деп таулар да кайталады.



ӨЛЕҢ

Көңілім толмай қапа басқанда,
Жолым да болмай сағым қашқанда,
Бар жақсылықты сеннен іздедім,
Қол ұшын бер? Күдерімді үзбедім.

Сүрініп кетіп, құлап жүрсем де,
Кездесулерге қуаныш күлсем де,
Сыздатып жанды соғады жүрегім,
Жанымның жалауы, өзіңсің - тірегім.

Өзіңді іздеп тауларға бардым,
Өзіңе арнап әнімді салдым,
Өзің деп өлең, қызғалдақ тердім,
Бақытым менің, қай жақтан келдің?



ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ РУХЫНА

Бауырым казак!
Дүбірлетер іс-ойы гасырларды.
Кеш танимыз біз неге асылдарды?
Кудаладык кезінде төбет косып,
Кешегі Мұқағали, Қасымдарды.

Ту көтерер, ел бастар Ерін қайда?
Саламыз ба тағы да «Елім-айға»?
Келер ұрпак сұраса не айтамыз,
«Бабаларым мұра еткен жерім қайда»?

Шүкір етгік. «Шүкір»-деп бұға бердік.
Тағдырымның салғаны шығар дедік.
Тұяк серпер, тебісер кезің бар ма?
Бауырына батқанда бұғау келіп.

Қалайша тар етеміз кеңімізді?
Қарындасты қайтеміз? Елімізді?
Қызғыштай қорып өткен Қабанбайлар,
Басқаға бөлгізбейік жерімізді!

Қозғал казак!
Уақыт жетті түзетер ошағынды
Белінді бу, көрсетпе осалынды.
Рысқұлбеков секілді қыршын кеткен,
Ерлерді ойлап, ашынып, қосам үнді.

Қайратты көңілі-сәуле, көзі-ашық.
21-де зарлатты, қайран жастық.
Қасқырлар да қорғаған бөлтірігін.
Қайратыңа жасадың өзің қастық.

Келесі кім? Кімдерді табасыңдар?
Кімдердің басына әлек саласыңдар?
Қазағым - деп, елім - деп еңіреген,
Қай Қайратты түнекке жабасыңдар?

Ойлан казак,
 Таптамасаң қызғалдақ солар ма еді?
 Арнасына тасқындар толар ма еді?
 Туады тағы Қайрат, қадірлейік!
 Елңе солар тұтқа болады енді.



ЕСЕТ БАТЫР КЕШЕҢИ ЖАНЫНДАҒЫ ОИ

(Бабамыздың 325 жылдық тойы үстінде жазылған)

Дабылың асып жатыр ғасырлардан.
 Ассалаумағалейкум, Батыр бабам,
 Ескерілің ел үшін төккен терің,
 Той отын лапылдағып жатыр далаң.

Арғымақтың ащы терін төккізген,
 Күндеріңді ер үстінде өткізген,
 Даламызға басымды игім келеді,
 Қаз-қалшында ұрпағыңа жеткізген.

Серік болған ғасырларға боз далам,
 Мың-мың тұяқ таптағанда тозбаған,
 Құлағыма еміс-еміс жетеді,
 Бота үні көш соңында боздаған.

Анырыған Ана үні есілер,
 Жесір үні жүрегінді кескілер,
 Жауда қалып, алты қанағ ақ ордан,
 Қаралы ел, қара қосты кеш тігер.

Алған салып, буып-ап белді бекем,
 Қораны боп ен дала, елді-мекен,
 Қол басған осы жерден Батыр бабам,
 Жау қайдалап жорыққа енді ме екен?

Түн түріліп, қар өртеніп, жанып мұз.
Басымызға күн туғанда ерімізді таныппыз.
Аруак сыйлар дәстүрі бар, салты бар,
Қарапайым қазақ деген халықпыз.



АУЫЛДЫ КЕТТІМ САҒЫНЫП

«Мортық», «Елек», «Алысбаз».
Сарқырып ағар «Қотыртас».
Жүрер ме ет тағы ауылда,
Желпілдеп кекіл, жалаң бас.

Балығын қуған суларды.
Жидегін терген нуларды..
Қиқулап көлге оралар,
Сағындым әнін қулардың.

Төсіне қамыс бас ұрып.
Төбесін дөңнен асырып.
«Жалғызтал» әлі тұр ма екен?
Жылдардан сырын жасырап.

Айнала көгал, жаға-бақ.
Қамысын «Кіндік» жағалап.
Қасқалдақ ұшты айдыннан,
Қанаты суды сабалап.

Жарысқан желмен тай бөкен.
Ел болды оған қай мекен?
Арғымақ көрдім бәйге алған.
Мен үйреткен тай ма екен?

Тағы да арман, тағы үміт.
 Жете алмай жүрміз тарығып,
 Жол түссе елге қайтамын,
 Ауылды кеттім сағынып.



АҒАМА

Не айтайын енді, не десем екен ағама?
 Тенесем бе екен толқындар соққан жағаға?
 Толқынға қарсы қасқайып тұрған сен-Жартағ,
 Ал інің аға, төбенде ұшқан шағала.

Марқайып қалам қолымды қысса қолдарың,
 Өздеріңсіңдер арқамды тірер қорғаным,
 Сапарға алыс аттанам жарқын жүзбенен,
 Білемін артта ағалар барын, қолдарың.

Мәнелеп сақтап жеткізген асыл мұраны,
 Өздеріңсіңдер өлкемнің ғасыр-қыраны,
 Өздерің барла дәстүрдің, салтың -
 Боз далам,
 Мәңгілік мекен - тұрағы.

Отыздан кетіп, отыз бес жастың елеңін,
 Алыстан естіп артыңнан мен де желемін,
 Ағалар сырын жеткізіп тыңдар құлаққа,
 Шаршамай жырлап, дауыстап айтып келемін.

СЫР

Қызғанамын, жаман айтса біреулер сен жайында.
Қызғанамын, мақтап та айтса біреулер сен жайында.
Үксап кетті мұңая карағаның,
Жалғыз өскен жапанда – Ақ кайыңға.

Қорғаны көп жақсының жер бетінде.
Ол неге жалғыз өскен жел өгінде?
...дұмыл болған біреудің елесі бар,
Жып-жылы боп караған келбетінде.

Сағынамын, көрсем – деп асығамын.
Жанарыңа, күлкіңе асық жаным.
Жабығамын, жарқ етпін кіріп келші?
Қоштасуға асықпай ғашық жарым.

Жету қиын ой шеті, тылсым терең.
Жүрегімді қайтемін дүрсілдеген?
Кеудемдегі жалынға жанып барам,
Көп су ақты, осылай күрсінбеп ем.



ТІЛЕК

(Қарындасымның үйлену тойында)

Белестерден,
Елес берген,
Шаттық күнім келді де.
Балапаным,
Дара таңым,
Ұлы көшке ердің бе?

Қарындастың,
Қарлығаштың,
Жолын ашсын келешек.
Кішкентай қыз,
Жарық жұлдыз,
Болып қапты ересек.

Күнім менің,
Гүлім едің,
Көке – деген күлімдеп.
Тынып іштен,
Күліп күшпен.
Айта берем күнім – деп.

Бесігіңді,
Есігіңді,
Ауыстырдың өзге үйге.
Атар таңым,
Салған әнім,
Қауыштырдың гөй-гөйге.

Еңселімін,
Ел сенімін,
Ақтап жүрсең жырақта.
Күрсінбеп ем,
Дүрсілдеген,
Жүрегімді жылатпа?



ҰМЫТУ

Неге мені іздемедің? Үйдемін.
Жауабы жоқ белгісіз бір күйдемін.
Өмір деген сусылдаған жібектің,
Шеше алмадым шым-шытырық түйнегін.

Терезеден қайта-қайта қарадым.
Келмегенің болып алды дара мұң.
Аман елдің аты озған, аман бол,
Аман болып жүре берсең жарадың.

Адам күні адамменен, ол заңға,
Бағынбасқа амал сірә болған ба.
Айғайласам естілмейді, дәрмен жоқ
Жалғыз калып қойғандаймын орманда.

Ғәріптен жас, жаяудан шаң шыққан ба.
Бәрі бекер, бәрі де өтер ұққанға.
Бас көтермей, бөлінбей-ақ жүрер ем,
Тағдыр оғы тимей қалса бұққанға.

03.06.2002ж.



МАҢҒЫСТАУ

Бастан кешкен қиын-қыстау,
Таршылықтың талайын.
Амансыңба, Маңғыстауым,
Амасыңба Ағайын?

Сенде өрлік, сенде аңыз,
Сендегі жыр қаншама.
Тағзым еттім құмдарыма.
Тағзым еттім баршана.

Маңғыстауым,
Маң-маң түйең, мың елім.
Ата-бабам маңдайында,
Жазылмаған мұң едің.
Ұлдарыңның жүрегінде,
Қатып қалған тас едің.
Қыздарыңның жанарынан.
Үзілген шық, жас едің.

Маңғыстауым,
Жақсылар мен жайсаңдардың мекені.
Сағынышпен салған әнім,
Саған самғап жетеді.
Сұркия жел, сұрапыл күн,
Жылы орнынан қозғаған.
Ұрпағымыз Бозінгеннің,
Жерін тастап боздаған.

Маңғыстауым,
Терең ой, бұйрат құмдар.
Бауырында мүлгиді зират шыңдар.

Әрбір тауың киелі, әрбір төбен,
Ата қоныс болған жер. Аңсап келем.
Маңғыстауым,
Бақ қонған байтақ елім.
Саған сәлем алыстан айта келдім.
Көк жиек көз сүрінбей байқалады.
Содан болар көңілім жай табады.
Маңғыстауым,
Күйшілер, әнші елі.
Бауырыңда баптадың Шәмшілерді.
Құрманғазы, Қазанғап жолын қуған,
Талай дүл-дүл осы жер, сенде туган.

Маңғыстауым,
Ата жұрт іздеп келем.
Жағаң жаз, етегің күз деп келем.
Ғанибет-қой ел іші, дос көңілі.
Елжіретті жанымды, бос көңілді.

15.02.2006ж.



МАХАМБЕТПЕН ТІЛДЕСУ

О, Махамбет,
Батыр бабам, Арысым.
Түн қатып-ең қайма қазақ қамы үшін.
«Аш арыстан, жолбарыс та» болдың сен,
Қара көзің, қарындастың ары үшін.
Келер күндер, келе жатқан таң үшін.

Заманыңның тепкісіне көнбедің.
Жалын едің, дауылдарда сөнбедің.
Ұрпақ барын «Теңдік сұрар ұрынып»,
Көре білдің. Ақтың туын бермедің.
Жылағанды жақсы игімен тең көрдің.

«Еңку-еңку» Құм Нарында жер шалдың.
Еділ кешіп, есіргенге қол салдың.
Ертеңі үшін есіктегі еркектің,
«Ереуіл мініп, егеулі найза қолға алдың»,
Еркіндік күнге еңіреп жүріп жол салдың.

Маңайын Еділ, толтыру еді арманың.
Толассыз көшкен керуендерге бар маңын.
Тасырлап желіп, табындап өрген жылқыға.
Тай құлындарға, қуалай шапқан жан жағын.
Тай бұқаларға, аспанға шашқан шаңдарын.

Естіліп дауысың, намысқа найза қайраған.
Ішінде жүрсің ұрыстың әлі, қайнаған.
Ұраны өзің артыңнан ерген ұрпақтың,
Жаңа жорыққа арғымақтарын сайлаған.
...құм төбелерде іздерің жатыр сайраған.

08.06.02



САҒЫНЫП ЖҮРСІҢ БІЛЕМ

Сыр ұқтырып жанарыңнан әр қалай.
Мөп-мөлдір боп отырасың қалқам-ай.
Терезеге неге қарай бересің,
Біреу бар ма ет сағындырып келетін?

Қыс кегерде қызығын ала кеткен.
Томсырайып отырсың. Дала көктем.
Кеткен құстар оралды мекеніне,
Сен күткен жан не деді кетерінде?

Аймалайды жүзіңді таң самалы.
Тірлік біткен қосылып ән салады.
Алып-ұшып, жүрегің таппай тағат,
Ерте тұрып жүрсің бе жолға қарап?

Терезенде түнімен шам жанады.
Құбылысқа кара түн таңданады.
Суық төсек жаныңа маза бермей,
Тағы таңың атты ма көзіңді ілмей?

Қиналасың жақындар сөздерінен.
Қиып кетсе солардың өздерінен.
Жеме-жемге келгенде бәрі керек,
Кешіре сал кайтесің, едің зерек.

Түсінсең де екенін өмір алда.
Тамшылайды моншақтар омырауға.
Сағынып жүрсің білем, Аяулым-ай,
Қызық күнді құлпырған баяғыдай.

13.06.2002 ж.



УАҚЫТЫМ АЗ

Бәріне де, бәріне үлгеремін.
Алаңқайға алқызыл гүл егемін.
Жасын сүргіп жылаған жесірлердің,
Қақпан қоям жолына кесірлердің.
Зиратына бас ием есіл ердің.


Қураған ағаштарды суарамын.
Сонда қайта күрсақтан туар жаным.
Хабар күтіп құлағы елеңдеген,
Елге барып үлкенге сәлем берем.
Қаракөзге, кешікпей келем деп ем.

Әкемнің күрдасына жолығамын.
Тыңдаймын жыр-дастанын, жорық әнін.
Шешем жатқан төбеге барып қайтам,
Жеңіл бол деп, топырақ салып қайтам.
Өміріме күш қуат алып қайтам.

Содан соң ағыл-тегіл жыр жазамын.
Білмегенге танытам бір қазағын.
Ішімдегі барымды жайып салам,
Көрісе алмай жүрсеңдер-қайық болам.
Көре алмай жүрсеңдер-ғайып болам.

Естен танып сосын да ғашық болам.
Теңіз болып шайқалам, тасып толам.
Махаббаттың әніне мас боламын,
Жібітемін жүректің тас қорабын.
Қайта туып, қайтадан жас боламын.

Аралаймын даламды, көше, бақты.
Көргім келген қанша гүл шешек атты.
Қанша шыбық қайтадан егілгенін,
Қанша шуақ жеріме төгілгенін,
...уақытым аз, содан ба егілгенім?



ТУҒАН ЖЕР, ҚҰШАҒЫҢА АЛШЫ МЕНІ

Ауылда өстім, ауылдың баласымын.
Жортегімнен жаттағам Дала сырын.
Сарсаң күнде сағынып келем саған,
Қуат берші жаныма, жанашырым.

Дала бабам, мен оның ұрпағымын.
Бабам жайлы жыр-дастан шырқадым мың.
Айтқым келіп тұрады Қымбаттыма,
Табынатын өзіне ұрпақ үнін.

Дала-анам, мен оның бөбегімін.
Тосты аузыма бәрін де керегімнің.
Аркама сап даламды қасиетті,
Алып кетпей Меккеге неге жүрмін.

Дала - көп гүл, мен оның қобелегі.
Көлбеңдейді көк көйлек, ебелегі.
Көкжиегін көкше бұлт көлегейлеп,
Көк кілемге көп жаңбыр себелейді.

Дала көркем, саны жоқ биігінің.
Жосынған көз ұшында киігінің.
Боз түбінен боз торғай шырылдайды,
Ғашық болып өтермін, сүйіп үнін.

Дала - сұлу, сан рет таңданып ем.
Айлы түн, арайлы таңдарымен.
Тідескен таң атқанша, сыр жасырған,
Жұлдыздар - жамыраған шамдарымен.

Сағыныштан сабырым сарсып еді.
Сары күндер келмесе қалсып енді.
Оралған жыл құсындай келем саған,
Туған жер, құшағыңа алшы мені?

АЗАП КҮНДЕР

Бастан кешкен,
Астан-кестен,
Азап болған күндерім.
Достан безген,
Дара кезген,
Дозақ болған күндерім.

Жаным қысқан,
Жақын мыстан,
Жан ұшырған күндерім.
Нанып болған,
Налып толған,
Жан қысылған күндерім.

Ардақтыңды,
Бар жақсыңды,
Аяқ еткен күндерім.
Асылыңнан,
Жақыныңнан,
Саяқ кеткен күндерім.

Дұрысың да,
Ырысың да,
Ғаріп болған күндерім.
Сезім барда,
Көзің барда,
Қаріп болған күндерім.

Сағыныштан,
Жалыныштан,
Жан жылаған күндерім.
Жазың өтіп,
Назың кетіп,
Қансыраған күндерім.

Өтеді екен,
Кетеді екен,

Көрінбеске күндерім.
Қиын екен,
Қиып кетем,
Бір күн сені күндерім.
Кім кінәлі

Көңілдің қошы жоқ.
Қасында досы жоқ.
Неғылған адмсың,
Бас пана, қосы жоқ?

Белгі жоқ кеткенде.
Жаз күнің өткен бе?
Асыға күткенің,
Айналып кеткен бе?

Қай жерде қалдырдың?
Қалайша алдырдың?
Не болған бұл күнде,
Сал көңіл, салғырт үн?

Үн түнсіз барасың.
Бас изей саласың.
Жоғалқан жандайсың,
Жақсысын. Дарасын.

Гүлі едің ортаның.
Ізі жоқ сол таңның.
Жалынсыз жанарың,
Қараймын. Қорқамын.

Сұраусыз алдың ба?
Шақырмай бардың ба?
Жыртығын жамаудан,
Шалдығын қалдың ба?

Жақсыға қуандың.
Жаман деп қуардың.
Қанағат көлінен,

Жаныңды суардың.
Асылды, жақұтты.
Бағалау бақытты.
Кек сақтап қайтесің.
Олтіріп уақытты.

Ой шалсаң әріге
Өмірдің нәріне.
Кінәлі екен ғой
Бәрі үшін, бәрі де.

ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫ ГҮЛДЕРІМ

Шырғалаң өмір, шырғалаң.
Сондықтан болар жыр жазам.
Сондықтан болар, болар мұңданам.
Маңдайынан синай кет,
Мұңайды бүгін бір балаң.

Сырғалың өмір, сырғалаң.
Сыр айттым саған сыр далам.
Сары ауру болдым сыздаған.
Сабыр жоқ біздің жүректе,
Сары күн келіп мұздаған.

Танымай қалам өзіңді.
Түсінбей қалам сөзіңді.
Сарғайттың жасыл бөзімді.
Не жаздым саған, не жаздым?
Тексере бердің төзімді.

Боз інген әнін қозғаған.
Быттырғы жүрген боз балаң.
Босған да босқа тозбаған.
Бос күннен қаштым озбаған.
Боз күннен қаштым боздаған.

Бос күндер, бетпак безерген.
Безерген, ерні кезерген.
Қас жауым еді ежелден.
Қас қылып қырсық күндерім,
Қасқайып сезім тежелген.

Қамығын менің жүргенім.
Қараңғы болды күндерім.
Қаныда кетті күндерім.
Қатулы содан түрлерім,
Қараусыз қалды гүлдерім.

12.06.2002

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ

Тағы да гүн.
Тағы жазып жатырмын.
Арналыспен тағы таңды атырдым.
Алысам деп, шалыс баеын жүргенім
Іске сараң, сезімге бай пақырмын.

Көз ұшында сағым бар ма, шаң бар ма?
Қайда асықтым, мені күткен жан бар ма?
Ұмытсаңдар, қараңғы гүн серігім
Тас тамайды, ризамын таңдарға.

Ұнағамын үміт отын жаққанды.
Сабыр бермей сезім тулап жатқанды.
Ұйқы қанар мәңгі ұйқыға кеткенде,
Таңмен бірге қарсы алайын ақ таңды.



ТУҒАН ЖЕР-ТІРЕГІМ

Сағындым бұлттар көшкен аспаныңды.
Шайқалған самаламен жас талыңды.
Қайдасың қол бұлғаған биіктерім,
Жосылған көз ұшында киіктерім?

Жусан исі аңқыған көк орай бел.
Шулаған қамыстары айдынды көл.
Қызарып қырдан асып бататын күн.
Жұлдыздары жымыңдап жататын түн.

Көрдің бе алма ағаштың бүр жарғанын?
Есімде сол жайында жыр жазғаным.
Қалықтап қаздар ұшып бара жатыр,
Шығарып сап қарап тұр, бала батыр.

Айтарым сенің әнің, сенің жырың.
Ешкім естіп білмеген тылсым сырың.
Естіледі домбыра қоңыр үні,
Сыймайды құшағыма қызыл гүлің.

Жаяулатып келемін тау арасын.
Жазылғандай сыздаған жан жарасы.
Көбірек осы жерде жүрсем екен!
Тірегім сен туған жер, білсең екен!



ЕЛЕГІМ

Жағасын шыбық бойлаған.
Ақбалық шоршып ойнаған.
Сағындым суын Електің,
Қуалап қаздар тойлаған.

Толқынға төсін сүйдірген.
Қамысқа басын идірген.
Сағындым Елек жағасын,
Құмдары табан күйдірген.

Толқынға толқын ұласқан.
Айдынға ғана сыр ашқан.
Ағысын Елек сағындым,
Иіліп барып қыр асқан.

Санамда сезім өрлейді.
Өткен күн елес, көлбейді.
Ғайып боп бәрі кетердей,
Көзімді ашқым келмейді.

Уақытты бойлап өтемін.
Ағыспен қалқып кетемін.
Күте бер мені Елегім,
Бір күні саған жетемін.

31.05.2002 ж.



САҒЫНЫШ ДИАЛОГЫ

– «Сағындым-ғой». – дедің-ау тағы да сен.
Жалындайды жанарың, жаның әсем.
От боп жанып кетермін, абайлашы?
Жаным-ау, жақындама жаныма сен.

– «От боп жандым» – дедің бе? Өзіңнен көр.
Сабыр күнім саркылды. Көзіңнен қор.
Жаным-деген сөзіңді есту үшін,
Келе берем, өзіңнен сөзіңнен қор.

Ерекше боп жаралған еркем менің.
Ерекшелік не деген көркем едің.
Сен қасымда жүргенде сәби болып,
Менің саған келеді еркелегім.



ЖАУАПСЫЗ СҰРАҚТАР

Сіз қайда болдыңыз?

Жасыған, жылаған кезде,
Жақынын сұраған кезде,
Жаманның сөзінен,
Жабырқап жылаған кезде.

Ғайыптан пайда болдыңыз.

Қара бұлт тараған кезде,
Қатарға жараған кезде,
Қанатсыз балапан едік,
Қыранға балаған кезде.

Сіз қайда болдыңыз?

Дара қап, сағынған кезде,
Дауа жоқ, бағынған кезде,
Дауысың естілмей,
Дауыл да қағынған кезде.

Ғайыптан пайда болдыңыз.

Жарығым, көкем дедіңіз.
Жалпыдан бөтен дедіңіз.
Жаныңа керек болсам,
Жан пида етем дедіңіз.

Сіз қайда болдыңыз?

Кері күн тоз қылған кезде,
Күз келіп, боз қылған кезде,
Керегің кейінде қалып,
Күресің тоздырған кезде.

Артық, білем,

Айлаңыз, күресің де,

Артығырақ ойыңыз, үлесің де.
Айтамыз да қоямыз,
Білесің бе?
Апардың да тастадың күресіңге.

Жанымыз бірге ет,
Жаныңыз бір бет.
Жаман дей берсін,
Сәніміз бірге ет.

Жок бізде өкпе,
Қуаныш та жок,
Жалған күндер-ай,
Қалдырған бір шет.



ПЕНДЕШІЛІК

Таңданамын. Көбіне таң қаламын.
Мен емес пе ет өмірде таңдағаның.
Ала-құйын, кей кезде асыр-тасыр,
Таң алдыңғы күресім таңға мәлім.

Кейде қарап отырам келбетіне.
Өзіндей жан жоқ еді жер бетінде.
Жоғалтыппыз елесін бақыт күннің,
Өкінбеймін сонда да. Сен де өкінбе?

Талай күндер өгіпті басымыздан.
Көрінеді көзіңнен, шашымыздан.
Өткен күндер құр елес. Қайда қалды,
Қызық күндер кетпестей қасымыздан?

Асығушы-ек әр түнге, атар таңға.
Ұқсайтынбыз қос аққу. Қатар санға.
Айдын жоқ. Қатар жүзген аққу да жоқ,
Сағынармыз бір күні, батар жанға.

Төменірек болмадық сен де, мен де.
Ақ балықтай шоршыдық қалған сенде.
Пендешілік ажалы періштенің,
Қайтеміз мен де пенде, сен де пенде.

28.05.2002 ж.



КЕЗДЕСУ

Сенбейсің бе сен маған, сенесің бе?
Су алуға тағы да келесің бе?
Тілдесуге сенімен бата алмадым,
Сұлу бейнең қалыпты тек есімде.

Үйін ағаш белінді майыстырды.
Өнпак білек, қос шелек сайыс құрды.
Жақындауға жаныңа дәрменім жоқ,
Жасықтығым жанымды қайыстырды.

Құрақ ұштым алдыңда, құрақ ұштым.
Кіш-кішкентай иесі бұла күштің.
Көзің сенің мөлдір көл, қос тұңғыық,
Тереңіне келеді құлап түскім.

Жыныш талған бойына таң шырынын.
Тін-гік болып барады тал-шыбығым.
Тағы сені көруге, тағы келем,
Су басында кештетіп қалшы бүгін.

1985 ж.



ӨМІР ЖАЛҒАСАДЫ

Айта салған біреулердің сөзінен.
Өңменнен өтер біреудің суық көзінен .
Жасыған кезде, мен сені іздедім,
Жарқын жаз өткен, алда күз еді.

Жаман түстерден қорқып кетсем де.
Жаксылық көріп толқып кетсем де.
Атыңды айтып үнсіз жыладым.
Тыныш ұйқыңды бұзған шығармын.

Қиын күндерде, қиналған кезде.
Алыс жолдарға жиналған кезде.
Сыйындым саған.
Жүремін дедім.
Сен үшін де өмір сүремін дедім.

Сәтсіздіктерде.
Шаршап жүргенде.
Сағым күндерді аңсап жүргенде.
Сыр бермес санамды басады кілеу,
Бауырым десе, құшақтап біреу.

Шапқылап жүріп адасып қалған.
Тізеге тағдыр ертерек салған.
Жалтақтай берем құлындай болып,
Жабырқар жан жоқ ұлыңды келіп.

Сен асыл кеткен қырларға қарап.
Арада өткен жылдарды санап.
Болса да кейде көңілім қапа,
Жалғастырамын өміріңді Апа.

ДОСЫМА

Амансың ба жан досым,
Жүрсің бе сау?
Сенің орның кашанда, бір асқар тау.
Іздемейсін досыңды, түсіпбедім,
Болмаса да арада бітпейтін дау.

Сағынамыз дауысыңды, көңіліңді.
Ұқсамайтын басқаға өміріңді.
Қайсарлығын жететін бір басына.
Сынап енді жүрсің бе төзіміңді?

Таусылмайды,
Талай сыр айтушы едік.
Таң біліне асықпай қайтушы едік.
Есіңде ме айлы түн, шок жұлдыздар?
Өлең оқып жүректі байытушы едік.

Сол көңіл, сол дастархан әлі күнге,
Сондаймыз деп ойлаймын әлі мүлде,
Сен бе екен деп таласа жүгіреміз,
Тосыннан есік қакқан әлде кімге.

Білем бір күн сеннен хабар жетеді,
Қауышармыз, көңілден кір кетеді,
Азды-күнде санасқандар не тапты,
Өткен өтті, Келген тағы кетеді.

1992 ж.



ШАШУ

Сағым қылып,
Сағындырып,
Азаматым үйленді.
Бір шуак күн,
Келін болып,
Керім болып үйге енді.

Айналада,
Жайдарлана,
Көз тіккендер мәз болып.
Қарсы алыңдар,
Жар салыңдар,
Өтсін өмір жаз болып.

Ұлы көшке,
Тартқан төске,
Тағы бір көш ереді.
Сол жайында,
Ағайынға.
Айта бергім келеді.

Жан сарайын,
Ақтарайын,
Той үстінде жалпыма.
Қасиеттім,
Бас иетін,
Қарыздармын салтыма.

Аспанымнан,
Жас талымнан,
Көрімдігін алайын.
Қалсын есте,
Бақыт кеште
Жырдан маржан тағайын.

27.06.1992 ж.

ЖАР ТАҢДАУ

Айлап кетсең күлетін.
Айдап кетсең жүретін.
Жабы саған керегі,
Қыран емес бүретін.

Сен жымыйсаң күлетін.
Ашсаң есік кіретін.
Жарты саған керегі,
Сұңқар емес ілетін.

Ұзын етек киетін.
Бас шұлғуды сүйетін.
Жаман саған керегі,
Жұбай емес тиетін.

Басқа жерге баспайтын.
Жұмған аузын ашпайтын.
Дүлей ме екен керегің?
Малын досқа шашпайтын.

Көңіл деген еркені.
Сезім деген серкені.
Махаббатты қайтесің?
Жан-дүние көркемі.

Мейіріңді кандырған.
Көрсең естен тандырған.
Сұлулықты қайтесің?
Жүрегінді жандырған.

Сағынып бір жетсең-ай.
Сарқылып бір өпсең-ай.
Содан кейін демінен,
Өртеніп-ақ кетсең-ай.

КҮТІП АЛ

Ораламын күтіп алсаң сен мені.
Өзге өтініш болмақ емес менде енді.
Өтті күндер мағынасыз, мәні жоқ,
Сен екен-ғой жүрген оның сәні боп.
Өтті бәрі.
Кездесулер, табысулар, қуаныштар,
сағыныштар,
Бәрі жоқ.

Оралмады мекеніне, күзде кеткен тырналар.
Уақыт солай өтеді де, айтылмастан сыр қалар.
Неге қалдым кетіп қалмай?
Сол тізбекке ілесіп.
Қарсы сокқан дауылдармен күресіп.
Олар кеткен жылы жақтан хабар жоқ,
Қыр басынан салқын самал тұр есіп.

Қалып қойдым қанатым жоқ,
Қаламын.
Жаяулатып бір күндері, сендер жақты табамын.
Ұмытпаңдар қайтар жолды,
Ата қоныс – мекенге.
Қадірі жоқ туған жердің бөтенге.
Мен де кетем туған жерге,
Жаға кетем, тауларыма жетем де.

Сондай жанмын,
Осынымды біл десіп.
Тұрмын мылқау тыңдаушыммен тілдесіп.
Жеткізбейтін қуған алыс сағымды,
Не бар маған?
Сонша қинап жанымды,
...аласұрған сезімдер ғой, шаршатқан,
Жариялап жұртқа жайған барымды.

ҒАШЫҚСЫҢ

Білем досым, білемін шын ғашықсың.
Биіктен көру үшін шыңға шықтың.
Кетпейді ме әлі де құлағыңнан,
Сұлу бейне, сыбыры - «шын ғашықпын».

Өткен өтті, өкінішке тұрмайды.
Бір күндері көздің жасы құрғайды.
Қуыс кеуде, қуыршақтар қалайша?
Жүрек жарды жырларыңды тыңдайды.

Кезің қайда? Мұңаясың сен неге?
Жаналарың жалын еді, сөнген бе?
Сері көңіл сергелдең-боп, бүгінде,
Сағыныштың сары бұлты төнген бе?

Құйылмаса естігенмен құлақ па?
Мың сүрініп, мың тұрармыз құлап та.
Ақын жары болу үшін, алдымен,
Ақынжанды болу керек, бірақ та.

1983 жыл



ҚУАНЫШЫМ СЕН

Күнім менің,
Қуанышым сен ғана.
Пана болсаң, саяндағы мен бала.
Жылу іздеп құшағыма тығылған,
Сәби болсаң, қасыңдамын.
Мен пана.

Гүлім менің,
Жүрегім де сен ғана.
Ұнағамын күлгеніңді паңдана.
Саусақтарың...сүйе бергім келеді,
Көздеріңе қарай берем таңдана.

Әнім менің,
Ізденегім сен бе едің?
Сын көздерім таба алмады сенде мін.
Перизағым,
Жерге түсіп ерігтің,
Мұз жүрегін мен сияқты пенденің.

Сәнім менің,
Самал ма едің, жел ме едің?
Сәл көрмесем басты мені жерде мұң.
Жүрегімді менің қатқан жібігің,
Қандай жақсы бұл өмірге келгенің.

07.06.2002



АУЫЛЫМДЫ САҒЫНДЫМ

Артта қалды сағыныш, ауыр мұңым.
Көрінгенде түтіні ауылымның.
Көрмегелі көп болды. Қайда жүрдім?
Аңсап кеттім құшағын бауырымның.

Шөбің шалғын,
Үнің балғын,
Келеді сенде қалғым.

Саз балшықтан илеген қуыршағым.
Жібек желмен жарысқан құлыншағым.
Алыс жүру сендерден қиын болды,
Қарсы алындар, келеді ұрыншағың.

Сайың құрақ,
Жағаң бұлақ,
Жұлдыздан жақтың шырақ.

Ерке талдар, бұралған ерке сылқым.
Құрбыларым сыңғырлап күміс күлкің.
Сенерімді білмеймін, сенбесімді,
Келгені ме шынымен осы бір күн?

Суың тәтті,
Жолың сәтті,
Сағыныш жанға батты.

1995 жыл

АҚША ҚАРДЫ САҒЫНДЫМ

Аппақ киім киінген,
Ақ белбеуін түйінген.
Аппақ маржан лағылдым,
Ақша қарды сағындым.

Мызғып далам алсын деп.
Тәтті ұйқыға қансын деп.
Ақ көрпесін жабады,
Әлди-әнге салады.

Орамалын шешіп түн.
Тербетеді бесігін.
Омырауы босады,
Ақ мамасын тосады.

Естіледі балғын үн.
Жұбанады балғының.
Жамырайды жұлдыздар,
Есте мәңгі бал күнім.

Әлди-әлди көлдерім.
Киік жортқан шөлдерім.
Әлди-әлди бөктерім,
Келер әлі-ақ көктемім.

1995 жыл



ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Осы күнге мен өзі қайдан келдім?
Жеттім-ғой қойшы соны, қайдан дерің.
«Тәуелсіздік теңім»-деп, атқа қоның.
Тәуелсіздік күні үшін майданда өлдім.

Бостандық, тәуелсіздік егіз делім.
Желмаяға міндім де жер іздедім.
Іздеп келіп тірелдім - Жерұйыққа.
Құмдарым, ормандарым, теңіздерім.

Тәңірінен бұл күнді сыйға алған ба?
Ел басына күн туып қиналғанда.
Алғаш рет бір жеңнен қол шығардым.
Аңырақай басында жиналғанда.

Ақ білектің күшімен, ақ найзаның,
Қан майданда теңдік - деп ағой салдым.
Дірілдетіп тізесін тірескеннің,
Ұлан-ғайыр жерімді сақтап қалдым.

Бұл күн үшін төкті ғой батыр қаның.
Садақ болып сан рет атылғанмын.
Хан-Кене боп, басымды оққа пігің.
Бұл күн үшін сан рет шағылғанмын.

Махамбет боп, Еділде еңіредім.
Арда қазақ – бостандық теңі дедім.
Түн қатып, таң асырып тірі қалдым.
Өз жерімнің ырысын теріп жедім.

Көтере алмай салмағын жауған тастың.
Алтай аттап, Қытай мен Ауған астым.
Сүйтіп жүріп салтымды сақтап қалдым,
Қамы емес ет бұл ісім, қауға бастың.

Желтоқсанда әндеттім, ақындаттым.
Ашып айттым алаңда затын ақтың.
Қар кешіп, мұз жастанып елім үшін,
Бір табан осы күнді жақындаттым.

Жеттім міне бұл күнге. Бақыттымын!
Тәуелсіздік тірегім жақұт үнім!
Көк байрағым көлбеңдеп көк аспанда,
Паш етеді әлемге бақыт күнін.

«Тәуелсіздік туым!» - деп айта аламын.
Мақтанамын, көңілім жай табады.
Осы күнді армандап өткен едің,
Бабаларым, сен үшін қайталадым.

15.04.2001ж.



КІНДІГІМДІ КЕСКЕН ЖЕР

Самала жел ескен жер.
Сары сағым көшкен жер.
Сай саланы қуалап,
Сары гүлдер өскен жер.

Құндағымды шешкен жер.
Кіндігімді кескен жер.
Қалжа беріп анама,
Қанатты бол - дескен жер.

Әкем күйеу болған жер.
Анам келін болған жер.
Әлдиімен әжемнің,
Әлем әнге толған жер.

Аруана – інген жер.
Ат жалына мінген жер.
Адыра қап атырап,
Ащы жасым сіңген жер.

18.04.2011ж.



МЕН ҚЫРЫҚ СЕГІЗДЕМІН

Қырау кірді самайыма, шашыма.
Келдім бүгін, мен анамның жасына.
Еңіреп ем оны алып кетерде,
Ерік бердім тағы көздің жасына.

Жылдар өтті,
Не жоғалтып, не таптым.
Талай күйдім ыстығында аптаптың.
Ызғарында қалып талай суықтың,
Анам жаққан үміт отын сақтапшын.

Бар қызығы бала еді - ғой, бала еді.
Жанарына баланы ойлап нала енді.
Жан ұшырып өмір сүрді. Не тапты?
Кете барды. Кездесу жоқ ал енді.

Кемеңгер ет осы жаста. Есімде.
Кемелденген іс-қимылы, шешім де.
Бет-әлпеті көмескі боп барады,
Белгі қалмай өткен күндер көшінде.

Сабалайды сабырымды сан сындар.
Тексереді төзімімді сан шындар.
Жарқын бейнең жүрегімде сақтаулы,
Өте берсін күндер, айлар, сан жылдар.

11.04.2011ж.



АҚТАНАУ

Шапағатын себелейді әсем күн.
Толғанамын, болмас әсте бәсең үн.
Жан сарайы тылсым сырға толы еді,
Жылдар бойы жылқы бакқан әкемнің.

Қиындықпен өткізіпті жас шағын.
Жылқы мінез, өзгеруі қас қағым.
Тауқыметін талай тартып жүрсе де,
Баласындай аялайтын аттарын.

Қадірлейтін Қамбар-ата киесін.
Мал бағары, құлын- тайы, биесін.
Сезеді ме ықыласын ерекше,
Аттары да түсінетін иесін.

Өткен күнсіз болашағың мәнді ме.
Ұнататын домбыраны, әнді де.
Жылқы көрсем еске түсе кетеді,
Ертеректе әкем айтқан әңгіме:

«...Дей алмаймын уақытымды аққа жау.
Кез болатын іздемейтін жоққа дау.
Бағып жүрген көп жылқының ішінде,
Айғыр болды, аты ерекше - Ақтанау.

Делиген қос танаулары аппақ ет.
Шағыр көзді, сүйір тұмсық, шақша бет.
Кекілдері жауып шағыр көздерін,
Шашалары аппақ еді, жатқан шет.

Тұяқтары қара тасты шаң қылар.
Тұқымында Арғымақтың қаны бар.

Шапқан кезде жымыйтып қос құлағын,
Жер апшысын қуыратын жануар.

Бас сүйегі – пышақ жүзі, оқ қыры.
Қазанатым, биік еді шоктығы.
Сом денесі тарамыстай тартылған,
Білінбейді аштығы не тоқтығы.
Тұлпарларға мекен болған осы ара.
Бәрі кетті, өткен күнге не шара.
Бір айыбы – тек тілі жоқ демесең,
Адамнан да есті еді бишара.

Әлі есімде, қақаған қыс болатын.
Ішін тартып, ұйтқып боран соғатын.
Жылқыдамын, үшінші түн ұйқы жоқ,
Арман болып бір ықтасын қонатын.

Актанаудың мұз көмкерді сауырын.
Қиыршық қар тілгілейді бауырын.
Бойымда күш, қолда тізгін тұрғанда,
Қорқыта алмас мені сойқан дауылың.

Омбы қардың таусылмады сарсаңы.
Ақ көбік боп жануарым шаршады.
Аттан түсіп бой жаздырдым бір сайда,
Қалғып кеттім. Кез болатын таң сәрі.

Ұйқыдамын. Сезбей қырсық жеткенін.
Сай жағалап жылқы өріп кеткенін.
Уысымнан шығып кеткен қыл шылбыр.
Актанаудың табынға еріп кеткенін.
Ащы дауыс, шошып кеттім көз ашып.
Ала боран ысқырады қар басып.
Актанау жүр екі ортада арқырап,
Кісінейді тұяғымен қар шашып.

Ақтанауым, бақ еді ғой басымда.
Құр-құрладым, жетіп келді қасыма.
Жан серігім, құшақтадым жалынан,
...сабыр сезім, сап көңілім тасыма.
Қарғып мініп, ерге мықтап орныктым.
Бір-ақ сәтте аяқталды қорлық күн.
Жануарым жершіл еді, канатым.
Бесін ауа көп жылқыға жолықтым».

Көп жыл өтті, осы әңгіме көңілде.
Көп жаңалық, көп өзгеріс өңірде.
Көп жыл өтті, ағыс алып кеткелі,
Ақтанау да, әкем де жоқ өмірде.

* * *

«Елестерге басқа елес ереді.
Есіме алсам көзіме жас келеді.
Өлгенде емес, көмгенде емес,
Адамдар,
Ұмытқанда, шыныменен өледі.
Көңілінде мәңгілікке көмеді.

Аруак болар бір күндері Данамыз.
Қартаяды бесіктегі баламыз.
Ұлы Өмір толқынында кейіндеп,
Ұлы Тарих қойнауында қаламыз.
Қалыптасқан табиғаттың бұл заңын,
Өзгертуге келмес тіпті шамамыз.
Қалауынша заман өзі реттесін.
Толтырармыз өткен күндер жетпесін.
Жақсы, жаман,
Жаратқанның қолында.
Тек өмірің мағынасыз өтпесін.
Тек күндерің зая болып кетпесін».

Осылай деп әкем өмір сүретін.
Осынысын ауыл-аймақ білетін.
Қырық жылдай уақыт өтіп кетсе де,
Ақтанауын әңгіме етіп жүретін.

Ішіп-жеген демейді-ме бұйырған.
Қолда жоқта не күтесің қиырдан.
Заманға сай Ақтанауды бір жылы,
Алмастырған екі үлкен сиырға.

Өткен өмір – ұмыт қалған түс болған.
Мұндай шешім әкеме де күш болған..
Жалғыз шеше бақилыққа аттанып.
Амалсыздан атқарылған іс болған».
Сол Ақтанау, талай тойда топ жарған.
Талай-талай жарыстарда олжа алған.
Талай рет үстем еткен мерейін,
Бір-ақ күнде мерт болыпты,
О, Жалған!

Жинай алмай бойындағы нар-күшін.
Адыра қап жалпақ жота, тау мүсін.
Жайрап жатыр Ақтанауы, жаутаңдап,
Артқы тұқай қағып түскен алғысын,

Құм қылатын тау-төбені, алыпты.
Тағдыр өзі дегеніне салыпты.
Құлап жатқан арғымағын құшақтап,
Өкіргені мәңгі есінде қалыпты.

Өңірдегі дара жұлдыз, дара ай.
Өзге тақым,
Өзге тоқым қаламай.
Өзге жанның ауласында сол күні,
Өліп қалды, пышаққа да жарамай.
Өте шықты жан-жүректі жаралай.

«Кешіргейсің Ақтанауым,
Кеш мені?
Дәтім барып қалай-ғана шешкенім.
Айтқанына құлақ асып жатқам жоқ,
Адам емес жануар-ғой дескеннің.
Ардағыммен ат құйрығын кескенмін».

Жылқы көрсем жұлып жеген қияқты.
Жылап алам жиып қойып ұятты.
Асыр салған құлын-тайдың ішінде,
Ақтанаулар шауып жүрген сияқты.
Елестетем тыпыршыған тұяқты.

29.04.2011 ж.



НАРИДІРГЕН

Қара жолмен екі салт ат келеді.
Бірде аяң, бірде сыпсың желеді.
Асығады отыруға бел шешіп,
Алдан әлі көрінбейді ел шеті.

Жолаушылар бірі мосқал карт адам.
Екіншісі жастау жігіт шаршаған.
Екеуі де жұпынылау киінген,
Қос домбыра, ер басына ілінген.

Ат терлеген, ұнатады аяңды.
Асыққанмен күн батуға таянды.
Қарт адамға бәрі таныс, өскен жер.
Осы маңда болушы еді көшкен ел.

Жол қысқартып серігіне сыр ашты.
Тағы да бір белден өтіп, қыр асты.
Алаңқайда көрші елдің жайлауы,
Киіз үйлер,
Белдеуде ат байлаулы.

Абыр-сабыр,
Мал оралған өрістен.
Қуып ойнап, құлын тайлар тебіскен,
Қозы-лақтар енесімен көріскен.
Қазан-ошақ,
Бүлкілдеп ет қайнайды.
Аттың басын бұрмасыңа болмайды

Тау ішінде орналасқан Жерұйық.
Тыныстауда дауыл тоқтап, жел ұйып.
Қыраттарға иек артып алтын күн,
Сәлем беріп келе жатыр салқын түн

... Осы кезде жан жүректі қозғаған.
Тосыннан бір дауыс шықты боздаған.
Тау басынан Аруана келеді,
Шаң көтеріп, ауыл жаққа желеді.

Сай сүйегің сырқырайды көргенде.
Бота ермеген ертеңгісін өргенде.
Қос жанары ботақанын іздейді,
Үмітінен әсте күдер үзбейді.

Меңірейіп тұлып тұрды белдеуде.
Қарамады өте шықты, өр кеуде.
«Ботасының исі ерекше болатын,
Еміренсе бойға қуат қонатын».

* * *

Жолаушылыр аттан түсіп бой жазды.
Ат байланды, саулық сұрап ой қазды.
Осы ауылдың Ақсақалы иек алды,
Бөлек тұрған үлкен үйге бет алды.

Үй иесі жылы шырай білдірді.
Келін болар, шай жасап та үлгірді.
– Төрлетіндер,
Жолың болсын жолаушым.
Алыс жолдан шаршаған да боларсың.
Асықпасаң, ат шалдырып қонарсың.

– Қай туғасың,
– Ауыл елің аман ба?
Тыныштық-қой керегі де заманға.
Тыныш күнге, тіршілікке не жетсін.
Тірі жүрсең бәріне де керексің.

Шөлдеп келсең өзегінді жұбатқан,
Қымыз келер, ұяттымыз шұбаттан.
Түйеміз бар, иігенде таң қылған,
Ботасы өліп сүт шықпайды шандырдан.
Аузымызды жарытпады ант ұрған.

Жусамайды, күні бойы боздайды,
Жануардың дауысы да тозбайды.

Жоламайды шелегінен жеріне,
Көз салмайды шөп тығылған теріге,
Обал болды, ботасы жоқ желіде.

Толғандырды әлгі айтылған әңгіме.
Бала жоқта өмір өзі мәнді ме?
Адам түгіл жанурға керегі.
Өзегінді жарып шыққан бөбегі.
Шапағатын сонда тірлік төгеді.
Сонда ғана тіршілігің желелі.

Ойлар кетті жетегінде сезімнің.
Толтырады жүрегін күй, көзін мұң.
Жас жолаушы домбырасын қолға алды.
Шертіп тартып әр саладан ой шалды.
Жанары жас, көз қарасы байсалды.

Бір мезетте саусақтары қағынды.
Домбырадан толассыз күй ағылды.
Баурап алды төңіректі, даланы,
Бірде бейне, киік қашып барады.
Бірде бұл бұл сұлу әнге салады.
Домбыраның екі шегі егілді.
Шырылдады, безектеді, төгілді.
Ағыл-тегіл ағылды да, басылды.
Сәлден кейін, қайта сарын шашылды.
Тоғыз перне, он саусаққа бас ұрды.

Тұнып қалған тосын жайға айнала.
Елітеді кешкі уақыт, сай-сала.
Бейтаныс жан, үнсіздікке құлақ тұр?
О, ғажайып, Аруана жылып тұр.
Жанарында жалбарыныш, сұрақ тұр.
Тынып қалған бар тіршілік, жырақ тұр.

Мөлдірейді, елжірейді жанары.
Құм үстіне ащы тамшы тамады.
Тылсым дүние көз алдынан аққандай,
Тас емшегін бота искелеп жатқандай,
Тар құрсағы ләззатқа батқандай.

Еміренді, Ару-Ана егілді.
Қайысты да қабырғасы, сөгілді.
Күй төгіліп мерейінді қандырды.
Тырсыйып тұр кепті деген шандыры.
Намазшамда бүршік жарды таң гүлі.

Жаксы ырым әкеледі елге құт.
Сәлден кейін тамшылады жерге сүт.
Бұлақ болып содан кейін ағылды.
«Ақ түйенің қарны бүгін жарылды»
Аңсап едік дәл осындай сарынды.
Тағдыр айдап келді елге дарынды.
– О, Домбырам!
Қасиетім сақтаған.
Күнім батып, сенсіз таңым атпаған.
«Наридірген»,
«Құс қайтарған»,
«Кісен ашқан» - өзіңсің.
Мирас қылып тастап кеткен
Ата – бабам көзісің.

– Ау, Жолаушым!
Ризамын мен саған.
Міне шапан.
Ұста атың ен салам.
Үйірімен үш тоғызды атадым.
Қабыл болсын елің берген бата мың!
Тарай берсін кең далаға атағың!

ТАБЫТ ЖЫРЫ*(Лермонтовтан)*

Суық жерді жастанып мен жатамын.
Жер астынан өзіңе тіл қатамын.
Махаббаттан есі ауысқан бишара,
Ұмытқам жоқ. Бәрі есімде. Не шара?

Сын сағатта аттап өтіп жарықтан.
Жылу іздеп жүректерден, жабыққам.
Сұлулыққа бақидағы таң қалдым,
Тани алмай келбетіңді сандалдым.

Жаратқанның рақымын қайтемін.
Жұмағыңның жасыл бағы, қай теңім.
Бар қызықты алып кеткем өзіммен,
Еске түссе жас тамады көзімнен.

Мәпелеймін арманымды бұлқынған.
Сағынамын жанарыңды сыр тұнған.
Өтіп кеттім, сен жолымда кез келмей.
Қызғанамын сол баяғы кездердей.

Шаштарыңа демі жетсе басқаның.
Қиналамын, өмір неткен қас қағым.
Сыбырласаң басқа адамның есімін,
Өртенемін, мен бейбақты кешіргін.

Тағдыр сені енді кімге қосады.
Кеткен жанның сен мәңгілік қосағы.
Қорқыныш бар, тыныштық бар торлаған.
Білесің-ғой, керегі жоқ ол маған.

25.08.2001 ж.

ЛЕРМОТОВТАН АУДАРМА

Алдыңда сенің бас имен.
Сан сара жолдар таңдармыз.
Жаныма мені оқ тиген,
Біліп қой, бөлек жандармыз.

Азаттығымды өзіңе.
Адастыруға бермеспін.
Күлкіңе, арман көзіңе,
Садақа жылдар. Көрмеспін.

Онсыз да үміт, арманды,
Бір ғана сеннен көріппін.
Аяққа басып жалғанды
Өзіңе ғана сеніппін.

Кім білсін? Сұлу сәттерді,
Тапталған, жалғастырып ем.
Сезімдер жылап жатты енді,
Сен немен алмастырып-ең?

Жанымның мүмкін жалынын,
Әлемге сый қып тартар ма-ем?
Қарымтасына жалын үн,
Мәңгі өмір алып қайтар ма-ем?

Уәдең, сөзің не болды?
Ауыстырам деуші-ең шуағын.
Кезінде айтқан бос сөзді,
Бүгінде сезген шығарсың?

Тәкәпар жүрек. Сен кешір мені?
Өзгеден бақыт тапқайсың.
Дауылдар тұрар, мені өшіргелі,
Құл болып бәрібір жақпайсың.

Өзге тауларға, жылы өңірге.
Жыл құсыменен кетермін күзде.
Бірақ-та білемін, осынау өмірде,
Бір-бірімізді ұмығу жоқ бізге.

Ендігі жерде ләззат қуамын,
Шын ғашықпын деп, уәде беріп.
Бәрімен күліп, шаттық құрамын,
Жыламаспын енді біреуге еріп.

Үріп-ішіп, шайқап та төгермін.
Қалайша білмей сұруды сыйладым?

Адасқан күндер...
өзімді согермін.
Періштем өзгерді, өсекке кимадым.

Бас тіккем сонда Өлім мен Азапқа.
Сынамақ болдым әлемнің күшін.
Қолыңды берсең, бармақпын дозаққа,
Ақымақ басым. Бір сөзің үшін.

Қатігез тағдыр,
Беймәлім жаттым.
Ерте көктемде, ерте гүлдеппін.
Қадірі жоқ-қой қолдағы бақтың.
Сен мені білсең де, мен сені білмеймін.

07.02.2003 ж.

АМАНТАЙ ӨТЕГЕНОВТЕН АУДАРМА*(Наш)*

Мен түсіне бүрсүгіні кіремін.
Аймалаймын сені, сосын күлемін.
Ұмытам деп ант-су ішіп тағы да,
Шәктігінді жария етін жүремін.

Түн ортасы, сусып жібек төгілді.
Жан жүрегің керілді де, сөгілді.
Оянған соң сезінесің, келмеппін,
Екі ұшты ойың, қайтем сенің төріңді?

Арайлы таң атқан бүгін, кеше өткен.
Састырады сені салқын төсекпен.
Жан адам жоқ. Дем алуға дәрмен жоқ,
Жарға қара. Өмірді ойла еш өткен.

Менсіз сенің күнің қараң, түнің тұл.
Жылжымайды түнгі уақыт, тұнып тұр.
Қаналанба. Қадірлегін қаттырақ.
Менің ынтық құшағымнан ұғып сыр.

(Совет)

Ұшқын барда жалында.
Жалын барда адымда.
Құлдар емес - тентектер,
Жаратқанның жалында.

Ұят барда іркілме.
Ұятсыз болма бір күн де.
Қол ұшын бер жақыңға,
Жабырқап жүрген, құр сұлде.

02.06.2002 ж.

ЕСЕНИННЕН АУДАРМА

Сен әлі тірімісің, Кейуана?
Мен де тірі,
Сәлем саған, сәлем.
Құйылсын терезеңнен жай ғана,
Түнгі тылсым әлем.

Алыстан хабар жетті маған,
Қайғыда-деп жолымды тосып.
Жамалып ескі шарқатыңды,
Сағынышқа жалыныш қосып.
Бет бұрған деп сезім елеске.
Үй сыртында дұшпан бұққандай.
Кабактағы кешкі төбелесте,
Біреу,
Жүрекке қанжар сұққандай.

Шаршама,
Күндер бар көретін.
Ісіне тағдырдың көнесің.
Өзінді көрмей-ақ өлетін,
Сірә да, маскүнем емеспін.

Менің де жаным бар шерменде.
Армандаймын үйге қайтуды.
Сағынышпен аңсап келгенде,
Жан сырымды саған айтуды.

Ораламын Ана, таң қалдың ба?
Бау-бақшалар гүлге толғанда.
Тек мені оятпа таң алдында,
Сегіз жыл бұрын болғандай?

Оятпа?
Армандап болғанмын.
Қозғама қайтесің, қозғама?
Ертерек таусылып тозғанмын,
Өзгерген баяғы бозбала.

Сыйын деп үйретпе тәңірге.
Өткенге оралу енді жоқ.
Сен ғана билеушім өмірде,
Сен ғана қыздырған мені шок.

Қамықпа, қайғыға ерік берме,
Не таптың көп ойлап қамығып?
Жол тосып белесте жүре берме?
Ескілеу шарқатты жамылып.

19.04.2011ж



Г. МАВЛЮДОВТАН

Жарқын жазбен араздасты қоңыр күз,
Ащы түтін қолқаны алып барады.
Жапырақты қуалайды салқын түз,
Отта жалын жалп-жалп етіп қалады.

Тоңған қолды жылатады ыстық леп,
Ащы жылу құйылады жаныңа.

Саудыраған жапырақтар құлап кеп,
Түтіндейді. Қоштасудын камында.

Жылу кетті.
Жылап тұрмын жай гана.
Жапырақтар сусылдайды хаттардай.
От жанады откен күнге ой сала.
Сәлемдемең жан жылуын сактардай.

Қыркүйек, 2011 жыл

* * *

Озып келді жарыста қосқан атың.
Орын бұл дос табатын, достасатын.
Ойнап, күліп есейдік осы жерде,
Кез келді енді міне қоштасатын.

Кепкен жоқ дәптерімнен әлі сияң.
Хош енді бала-бақша - алтын ұям.
Әдіскер, тәрбиеші апайларым,
Рахмет сендерге. Қалай қиям?

Шыға сала үйімнен, бесігімнен.
Тарыдай боп аттап ем есігіңнен.
Таудай болып барамын мектебіме,
Айналайын «Шұғыла» есіміңнен.

Үйрендім жазу, сызу, әріптерді.
Алғаш рет ақтардым Әліппені.
Өлең оқып қуантып ата-анамды,
Өлең оқып атыңды дәріптедім.

Ақылыңды өмірде жаратамын.
Ұмытылмас аялы алақаның.
Шақырады алыстан биік шыңдар,
Ақ жол тіле, самғайды балапаның.

26.05.2011 ж.



* * *

Уақыт бер тек аздаған?
Күндер үшін жазбаған.
Ой терейін маздаған.

Сезім бер тек аз ғана?
Көсілейін наздана.
Шешілейін, қазбала.

Өріс бер тек, толғайын?
Өмір жайлы қозғайын.
Өлең жайлы тозбайтын.

Тыңдаушы бер сосын да?
Ашық айтсам шошыма.
Қашып айтсам қосылма.

Осы ғана сұрарым.
Өлең елі тұрағым.
Осы елден шығармын.

12.07.2011 ж.

* * *

Не десең де қара шал сенің әкең,
Жақын бар ма жаныңа одан бөтен?
Бұршақ салып мойнына сен туғанда,
Бақилыққа моншағын ала кеткен.

Аркалап ап тағдырдың тауқыметін,
Өле-өлгенше жаныңды жарқын етті.
Жай түсіп жатқан кезде шаңыраққа,
Кеуде тосты, өткізбей салқын лепті.

Есіңде ме,
Ат шана. ала боран?
Сай-сала шатқал біткен қарға толған.
Үстіндегі шешіп ап қысқа тонын,
Ысқырған бұрқасынға қалқа болған.

Әлі есімде сүрініп құлағаны,
Сен кетті деп балаша жылағаны.
Кемсеңдеген иегі, мең-зең күйі,
Кешедей көз алдымда тұрады әлі.

Жылап келіп өмірге жылап кетті.
Жырақ өмір сүрді де жырақ кетті.
Жанталасып жеткізді жалғыз өзі,
Жауабы жоқ көңілде сұрақ кетті.

Кете барды тағдырдың жетегінде.
Білеміз бәрі жалған екенін де.
Әркім жауап береді өз ісіне,
Тыныштық бер мәңгілік мекенінде.

Қыркүйек, 2011 жыл.

МАЗМҰНЫ

Өлең жайында ой. Алғысөз орнына.....	4
Аз адамның ойшылы.....	9
Ауылда жүрмін.....	13
Толғау.....	14
Арайлым.....	15
Елес.....	16
Қабір басында.....	17
Сағынамын әкемнің алақанын.....	18
Алғашқы махаббатқа сәлем.....	19
Поэзияны қорғау.....	20
Жеңгеме.....	21
Шет елдердегі бауырларға.....	22
Ақкептер.....	23
Тал бесік.....	24
Біздің ауыл.....	25
Өлең.....	26
Қайрат Рысқұлбековтың рухына.....	27
Есет батыр кешені жанындағы ой.....	28
Ауылды кеттім сағынып.....	29
Ағама.....	30
Сыр.....	31
Тілек.....	32
Ұмыту.....	33
Маңғыстау.....	34
Махамбетпен тілдесу.....	36
Сағынып жүрсің білем.....	37
Уақытым аз.....	38
Туған жер, құшағыңа алшы мені?.....	39
Азап күндер.....	40
Қараусыз қалды гүлдерім.....	42
Қайырлы таң.....	43
Туған жер-тірегім.....	44
Елегім.....	45
Сағыныш диалогы.....	46
Жауапсыз сұрақтар.....	47

ӨЛЕҢ ЕЛІ - ТҰРАҒЫМ	83
Пендешілік.....	49
Кездесу.....	50
Өмір жалғасады.....	51
Досыма.....	52
Шашу.....	53
Жарғандау.....	54
Күтіп ал.....	55
Ғашықсың.....	56
Қуанышым сен.....	57
Ауылымды сағындым.....	58
Ақша қарды сағындым.....	59
Тәуелсіздік таңы.....	60
Кіндігімді кескен жер.....	62
Мен 48-демін.....	63
Ақғанау.....	64
Наридірген.....	68
Табыт жыры.....	73
Лермотовтан аударма.....	74
Амантай Өтегеновтен аударма.....	76
Есениннен аударма.....	77
Г. Мавлюдовтан.....	78

**Өтеген НҰРМАҒАМБЕТОВ
ӨЛЕҢ ЕЛІ -ТҰРАҒЫМ**

«ҚазАқпарат» баспасының директоры Алмас АБУОВ

Редакторы Т. АУҒАЛИҚЫЗЫ
Көркемдеуші редакторы М. САМАТҰЛЫ
Техникалық редакторы Н. СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ИБ № 564

Басуға 2011ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$ Әріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік.
Баспа табағы 5,2
Таралымы 400 дана.
Тапсырыс № 371

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
Жангелдин–Мұхамеджанов көшесі, 30/26.
“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясы
Тел.: (8-727) 397-41-63, 397-41-62
Эл. пошта: Kazakparat@inbox.ru

“ҚазАқпарат” баспа корпорациясының баспаханасы



1963 жылы Ақтөбе облысы
Мертық ауданында туған. Шешесі
ерте қайтыс болып Ақтөбе
мектеп-интернатында оқыған.
1984 жылы Ішкі істер
министрлігінің Қарағанды
Жоғарғы мектебін бітірген.
Өлеңдері әр кездерде облыстық,
республикалық газет-
журналдарда жарық көрген.